

Түркістан облысы ДСБ
«Облыстық офтальмологиялық ауруханасы» ШЖҚ МКК
жалпы жиналысының
№8 хаттамасы

Шымкент қаласы

11.03.2025 жыл

Қатысқандар: аурухана қызметкерлері

Күн тәртібі:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ҚР Заңы
(2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚРЗ);
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі

(Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ);
(ҚР Қылмыстық Кодексінің 189, 190, 218, 249, 361, 362, 364, 365, 366, 367, 368,
369, 370, 450, 451, 452 баптарына тоқталу);

3. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы ҚР-ның Кодексі
(2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ);
(Қандай сыйлық «Пара» деп саналады және оған қандай жаза көзделгендігі туралы түсіндіру).

Жиналыс төрағасы Ч.А.Сеилбеков жиналыстың күн тәртібімен таныстыра отырып, комплаенс офицер Ж.Мусабековаға сөз берді. **Ж.С.Мусабекова күн тәртібіндегі бірінші мәселеге сәйкес, келесідей түсіндіріп өтті:** Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының 18.11.2015 жылғы №410-V ҚРЗ Заңы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді және Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға бағытталған.

1-бап. Осы Заңда қамтылатын кейбір ұғымдарды түсіндіру

Осы Заңда қамтылатын ұғымдар мынадай мағынада қолданылады:

- 1) жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам – мемлекеттік функцияларды және мемлекеттік органдардың өкілеттіктерін тікелей орындау үшін Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының конституциялық және өзге де заңдарында белгіленген лауазымды атқаратын адам, оның ішінде Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты, судья, сол сияқты Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік саяси лауазымды не «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымын атқаратын адам;
- 2) лауазымды адам – тұрақты, уақытша немесе арнаулы уәкілеттік бойынша билік өкілінің функцияларын жүзеге асыратын не мемлекеттік органдарда, квазимемлекеттік сектор субъектілерінде, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында ұйымдық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтын адам;
- 3) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам – Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңдарына сәйкес мемлекеттік қызметші, мәслихат депутаты, сондай-ақ мемлекеттік лауазымда көзделген міндеттерді

- мемлекеттік қызметке тағайындалғанға дейін уақытша орындайтын адам;
- 4) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адам – жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайланған адам; Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Президентігіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің немесе мәслихаттардың депутаттығына, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдігіне, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару сайланбалы органының мүшелігіне кандидаттар ретінде тіркелген азамат; жергілікті өзін-өзі басқару органында тұрақты немесе уақытша жұмыс істейтін, еңбегіне ақы төлеу Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет қаражатынан жүргізілетін қызметші; мемлекеттік ұйымда немесе квазимемлекеттік сектор субъектінде басқарушылық функцияларды орындайтын адам, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі мен оның ведомстволарының қызметшілері;
- 5) мүдделер қақтығысы – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда осы аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өздерінің лауазымдық өкілеттіктерін тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін;
- 6) сыбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу;
- 7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат – сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға, қоғамның мемлекеттік органдар қызметіне сенімін арттыруға бағытталған құқықтық, әкімшілік және ұйымдастырушылық шаралар және осы Заңға сәйкес өзге де шаралар;
- 8) сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер – осы Заңда белгіленген және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған шектеулер;
- 9) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарларын жою жөніндегі қызметі;
- 10) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган – өз өкілеттіктері шегінде Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласын үйлестіру жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы орталық атқарушы орган; оның ведомствосы, аумақтық бөлімшелері;
- 11) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – бұл үшін заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

12) сыбайлас жемқорлық тәуекелі – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

13) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі.

2-бап. Осы Заңның қолданылу аясы

1. Осы Заң Қазақстан Республикасының аумағында жеке және заңды тұлғаларға қатысты қолданылады. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде осы Заң Қазақстан Республикасының азаматтары мен Қазақстан Республикасында тіркелген заңды тұлғаларға қатысты қолданылады.

2. Сыбайлас жемқорлық қылмыстар үшін қылмыстық жауаптылық пен жаза – Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде, әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жауаптылық пен жаза – Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген.

4-бап. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл:

- 1) заңдылық;
- 2) адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау басымдығы;
- 3) жариялылық пен ашықтық;
- 4) мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимыл жасауы;
- 5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын жүйелі және кешенді пайдалану;
- 6) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын басым қолдану;
- 7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адамдарды көтермелеу;
- 8) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін жазаның бұлтартпастығы қағидаттары негізінде жүзеге асырылады.

5-бап. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты мен міндеттері

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты қоғамда сыбайлас жемқорлықты жою болып табылады.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатына жол жеткізу мынадай:
 - 1) қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбестік ахуалын қалыптастыру;
 - 2) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың салдарларын жою;
 - 3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өзара іс-қимылын нығайту;
 - 4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі халықаралық ынтымақтастықты дамыту;
 - 5) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру міндеттерін шешу арқылы іске асырылады.

14-бап. Жақын туыстардың, ерлі-зайыптылардың немесе жекжаттардың бірге қызмет (жұмыс) істеуіне жол бермеу

1. Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдар, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдар (өз қызметін тұрақты емес немесе басқа жұмыстан босатылған негізде жүзеге асыратын мәслихат депутаттарын қоспағанда) және мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар (Қазақстан Республикасының Президентігіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің немесе мәслихаттарының депутаттығына, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдігіне, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқарудың сайланбалы органдарына мүшелікке кандидаттарды қоспағанда), лауазымды адамдар өздерінің жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) және (немесе) жекжаттары атқаратын лауазымдарға тікелей бағынысты болатын лауазымдарды атқара алмайды, сондай-ақ жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) және (немесе) жекжаттары тікелей бағынысында бола алмайды.

1-1. Мемлекеттік лауазымға не мемлекеттік немесе соларға теңестірілген функцияларды атқаруға байланысты лауазымға кандидаттар болып табылатын адамдар өздері лауазымды атқаруға үміткер ұйымның басшылығын осы ұйымда жұмыс істейтін жақын туыстары, жұбайы және (немесе) жекжаттары туралы жазбаша нысанда хабардар етуге міндетті.

Күн тәртібіндегі екінші тақырыпқа сәйкес, комплаенс офицер Ж.С.Мусабекова өз сөзінде: Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің келесі баптары төмендегідей қылмыстарды қарастырады:

189-бап: Сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу. Бұл бап сеніп тапсырылған мүлікті заңсыз иемдену немесе ысырап ету әрекеттерін қамтиды.

190-бап: Алаяқтық. Бұл бап алдау немесе сенімді теріс пайдалану арқылы бөтен мүлікті жымқыруды немесе мүлікке құқықты иемденуді қарастырады.

218-бап: Қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңдастыру (жылыстату). Бұл бап заңсыз жолмен алынған мүлікті немесе ақшаны заңды айналымға енгізу әрекеттерін қамтиды.

249-бап: Қылмыстық топтың (қылмыстық ұйымның) әрекеттеріне қатысу. Бұл бап қылмыстық топтың немесе ұйымның қызметіне қатысуды қарастырады.

361-бап: Лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану. Бұл бап лауазымды тұлғалардың өз өкілеттіктерін заңсыз мақсатта пайдалануы туралы.

362-бап: Билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану. Бұл бап лауазымды тұлғалардың өз өкілеттіктерін асыра пайдалануы туралы.

364-бап: Жеке өмірге қолсұғылмаушылықты бұзу. Бұл бап жеке өмірге заңсыз араласу әрекеттерін қамтиды.

365-бап: Жедел-іздістіру қызметін заңсыз жүргізу. Бұл бап заңсыз жедел-іздістіру қызметін жүргізуді қарастырады.

366-бап: Пара алу. Бұл бап лауазымды тұлғалардың пара алу әрекеттерін қамтиды.

367-бап: Пара беру. Бұл бап пара беру әрекеттерін қарастырады.

368-бап: Парақорлыққа делдал болу. Бұл бап парақорлықта делдалдық жасауды қамтиды.

369-бап: Қызметтік жалғандық жасау. Бұл бап лауазымды тұлғалардың қызметтік жалғандық жасау әрекеттерін қарастырады.

370-бап: Қызметтегі әрекетсіздік. Бұл бап лауазымды тұлғалардың өз міндеттерін орындамауын қамтиды.

450-бап: Әскери қызметшінің билікті немесе қызметтік өкілеттіктерін асыра пайдалануы. Бұл бап әскери қызметшілердің өз өкілеттіктерін асыра пайдалануы туралы.

451-бап: Әскери қызметшінің билікті немесе қызметтік өкілеттіктерін теріс пайдалануы. Бұл бап әскери қызметшілердің өз өкілеттіктерін теріс пайдалануы туралы.

452-бап: Әскери қызметшінің әрекетсіздігі. Бұл бап әскери қызметшілердің өз міндеттерін орындамауын қамтиды, дей келе аталмыш кодекстің көрсетілген баптарына сәйкес, қолданылатын айыппұл және жаза түрлерін атап өтті

Күн тәртібіндегі үшінші тақырып бойынша Ж.С.Мусабекова Әкімшілік құқық бұзушылық туралы 05.07.2014 жылғы №235-V ҚР Кодексіне сәйкес, әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар бойынша төмендегі баптарға тоқталып өтті:

676-бап. Жеке тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы беруі

Жеке тұлғалардың мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаларға немесе оларға теңестірілген тұлғаларға заңсыз материалдық сыйақы, сыйлықтар, жеңілдіктер беруі не қызметтер көрсетуі, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, – екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

677-бап. Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаның не оған теңестірілген тұлғаның заңсыз материалдық сыйақы алуы

Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаның не оған теңестірілген тұлғаның жеке өзі немесе делдал арқылы заңсыз материалдық сыйақыны, сыйлықтарды, жеңілдіктерді не көрсетілетін қызметтерді ұсынған тұлғалардың пайдасына әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін осыларды алуы, егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздік) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаның не оған теңестірілген тұлғаның қызметтік өкілеттіктеріне кіретін болса, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, –

алты жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

678-бап. Заңды тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы беруі

1. Заңды тұлғалардың мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаларға немесе оларға теңестірілген тұлғаларға заңсыз материалдық сыйақы, сыйлықтар, жеңілдіктер беруі не қызметтер көрсетуі, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, –

жеті жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер –

бір мың бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

679-бап. Мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының заңсыз кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруы және заңсыз кірістер алуы

Мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өздеріне заңнамада жүктелген функциялардан тыс кәсіпкерлік қызметпен айналысуы не белгіленген қаржыландыру көздерінен басқа материалдық игіліктер мен артықшылықтар қабылдауы –

осы ұйымдардың басшыларына алты жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

680-бап. Мемлекеттік органдар басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды қабылдамауы

Мемлекеттік органдар, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құралымдары басшыларының не жауапты хатшыларының немесе Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын өзге де лауазымды адамдарының өз өкілеттіктері шегінде Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының бұзушылықтарын жою бойынша не сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға кінәлі, өздеріне бағынысты адамдарға қатысты шаралар қабылдамауы не көрсетілген шараларды Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын бұза отырып қабылдауы, не кінәлі адамдардың тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік кіріс органдарына тиісті ақпаратты ұсынбауы –

бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

681-бап. Бұрын сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдарды жұмысқа қабылдау

Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілері басшыларының бұрын сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдарды Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып жұмысқа қабылдауы, сондай-ақ олардың одан әрі жұмыс істеуіне жол беруі –

бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

Жиналыс төрағасы



Ч.А.Сеилбеков

Комплаенс офицер

Ж.Мусабекова

